

ҚР КӨСІПКЕРЛІКТІ САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

Г. Т. Курманова, доцент, Ж. С. Утешова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Бұл мақалада кәсіпкерлікті салықтық реттеу мемлекеттің салық саясатының негізі ретінде қарастырылады. Реттеудің мақсаты болып қоғамдық, корпоративтік және жеке экономикалық мүдделерді үйлестіру болып табылады. Салықтық реттеудің процесі көптүрлі объективтік және субъективтік факторлармен, экономикалық қызметінің жағдайларымен сипатталады.

В данной статье рассматривается налоговое регулирование предпринимательства как выражение налоговой политики государства. Его цель заключается в гармонизации общественных, корпоративных и частных экономических интересов. Процесс налогового регулирования характеризуется многообразием объективных и субъективных факторов, условий функционирования экономики.

Tax regulation of enterprise expresses government tax politics. It is based on harmonization of social, corporate and private economical interests. The process of tax regulation is characterized by the variety of objective and subjective factors, conditions of economics functioning.

Салықтық реттеудің басты мақсаты – қоғамдық, корпоративтік және жеке экономикалық қызығушылықтарды теңестіру. Бұл мақсатқа қол жеткізу салықтық реттеудің әр түрлі әдістерін қолданумен, олар: салықтық несие, салықтық төлемдерді төлеу мерзімін ұзарту, салықтық шегерімдер және т.б., және олардың экономиканы мемлекеттік реттеудің барлық әдістерімен байланыстылығы арқылы мүмкін болады. Жалпы мақсатты жүзеге асыру үшін басты маңызды салықтық жеңілдіктер алады.

Салықтық реттеудің әдістері салықтық міндеттеме мен оны бұзғаны үшін жауапкершілікті анықтаушы заңдылықтарды міндетті түрде ескеруі керек. Сонымен қатар, салық салу субъектілерінің шешім қабылдауын ынталандыратын және қоғамға тиімді жанама әсер етудің әдістері жатқызылады (мысалы, салық салудың қысқартылған жүйесін қолдану арқылы). Ұдайы өндіріс процесіне салықтардың әсері салықтық реттеу арқылы жүзеге асырылады, ал бұл дегеніміз үкіметпен қабылданған экономикалық өсу концепциясына сәйкес мемлекеттің нарықтық экономикаға араласуына бағытталған салық салу облысындағы арнайы шаралардың жиынтығы. Салықтық реттеу жекелеген салаларды қамти отырып экономиканың барлығына әсер етеді.

Әлемдік практикада салықтық реттеудің келесідей әдістері кең тараған: салықтық түсімдердің салмағын өзгерту; салық салудың тәсілдерінің бір түрін келесімен ауыстыру; салықтық базаны есептеу тәртібін өзгерту; салық ставкасын дифференциациялау; салықтан босату жүйесін өзгерту т.б.

Салықтық реттеу қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымына белсенді әсер етуі қажет. Салықтық механизмнің көмегімен мемлекет капиталды ғылыми техникалық прогрессті анықтаушы салаларға және төмен рентабельді, бірақ өмірге қажетті салаларға жұмсалыуына мүмкіндік беруге жағдай жасайды.

Салықтық механизм елдің аймақтық даму деңгейін теңестіру үшін қолданылады, бұл экономикасы әлсіз дамыған аймақтарға неғұрлым тиімді салық режимін құру жолымен мүмкін болады.

Салықтық қатынастардың құқықтық ұйымдастырылу нысаны салық жүйесінің динамикасы арқылы мүмкін болады. Бұл салық жүйесінің елдегі шаруашылық жүйесінің

өзгеруіне икемді келуімен көрініс табады. Бұл жерде аса маңызды орынды салық жүйесін қабылданған салық саясатына сәйкестендіретін салық механизмі алады.

Кәсіпкерліктің шаруашылықты жүргізу субъектісінен айырмашылығы неде? Ол жай ғана шаруашылықты жүргізуші, басқарушы ғана емес, керісінше өндіріс процесінде жаңа амалдарды, әдістерді жасап өзінің экономикалық мүддесін және тұтынушылардың қажеттігін қанағаттандырушы, оған бағытталған ынталы, дербес шаруашылықпен байланысты іс-қимылдарды реттеуші. Кәсіпкер тәуекелге бел буа отырып және экономикалық мүддесін қанағаттандыратын, оның қанағаттануына қызмет ететін шебер.

Біріншіден, кәсіпкерлікпен айналысу дегеніміз аталған субъектінің шаруашылық әрекет түрін, оны жоспарлау, өнімді өткізуде және т.б. таңдауда олардың жиынтық бостандығы мен құқығы болуы керек деген сөз. Екіншіден, кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың құрал жабдықтарына, өнімге және табысқа иелік құқығы болуы шарт. Үшіншіден, өзін-өзі басқарумен шаруашылықты таңдауда бостандықты, инвестициялауды нақты қамтамасыз ететін, белгілі бір экономикалық орта және қолайлы жағдай қажет. Толығырақ айтқанда, белгілі бір кәсіпкерлікпен айналысу үшін- нарықтық бәсекелестік тәртіп, бойынша шаруашылық жүргізуге қолайлы жағдай туғызу.

Кәсіпкерлік қызметі төменгі қағидаларды қамтиды:

Біріншіден: іс-қимыл оның жеке ынталығы мен тәуекелге бел бууға негізделген, яғни іс-қимылдың мақсаты пайда табу. Басқаша айтқанда кәсіпкердің негізгі қағидасы: өндіріске жұмсалған қаржының өсіп, пайда алып келуі.

Екіншіден: кәсіпкер өзінің іс-қимылын еркін және дербес жүргізеді.

Үшіншіден: кәсіпкерлік шаруашылықты тиімді ұйымдастыру және жоғарғы нәтиже алу мақсатында, жаңа мүмкіндіктер іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсалудың тың салаларын іздеу, ескі ойлау шеңберінен шығуы тиіс [1].

ҚР салық жүйесіндегі негізгі құқықтық реттеуші заң актісі болып, Салық Кодексі табылады. Алғашқы Салық Кодексі 2002 жылдың 1 қаңтарынан 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет еткен болатын. Бірақ бұл заң актісінің ұзақ мерзімді әрекет етуі өзінің реттеуші қабілетін жойып, жетілдіруді, қайта қарастыруды талап етті. Осыған байланысты мәселені ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауында тоқталған болатын, сол жолдаудан үзінді:

«...Салық жүйесін Қазақстанның жаңа сатыдағы дамуының міндеттерімен сәйкестендіру қажет. Қолданыстағы салық кодексі экономикалық өсуде оң роль атқарды, дегенмен, қазіргі кезде оның әлеуеті іс жүзінде таусылды. Кодексте үнемі және жүйесіз өсіп отыратын 170-тен астам жеңілдіктер мен преференциялар бар.

Үкіметтің жаңа салық кодексін әзірлеуі керек. Ол экономиканы жаңғыртуға, әртараптандыруға, бизнестің «көлеңкеден» шығуына жағдай жасауы керек...» [2].

Осы жолдауға байланысты ҚР үкіметі жаңа салық кодексін жасақтап, ол бірнеше рет талқыға түсе отырып, 2008 жылдың 10 желтоқсанында ҚР парламентімен қабылданған заңның негізінде 2009 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген болатын.

Осы Салық Кодексіне сәйкес біздің елімізде әрекет ететін салық саясаты кәсіпкерлікті сапалы деңгейге жеткізуге бағытталған. Инновацияны дамыту мен енгізуге мүмкіндік беретін арнайы экономикалық аймақ территориясына салық салудың ерекше режимі енгізілген. Олар үшін корпорациялық табысқа салық төмендетіліп, қосылған құнға салық, мүлік және жер салығынан босатылған.

ҚР салық кодексі шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнаулы салықтық режимдерді қарастырады, олар: патент және оңайлатылған декларация негізіндегі; бірыңғай жер салығы негізіндегі және ауыл шаруашылық тауарын өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салықтық режимдері.

Бұл режимді қолданушылар бюджетпен есеп айырысудың жеңілдетілген тәртібіне ие болады, яғни біріншіден, салықты есептеп төлеуді қысқартылған тәртіпте жүргізсе, екіншіден, салық есебін жүргізуден босатылады.

Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салықтық режимнің әрекет ету шарттары кеңейтілген: жеке кәсіпкерлер үшін шекті жалдамалы жұмысшылар саны 15-тен 25 адамға, ал шекті табыс көлемі 4,5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге өсірілген; заңды тұлғалар үшін шекті жалдамалы жұмысшылар саны 25-тен 50 адамға, ал шекті

табыс көлемі 9 млн. теңгеден 25 млн. теңгеге өсірілген, сонымен қатар мүлікке салықтың ставкасы төмендетілді, яғни оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салықтық режимді қолданушылар үшін мүлікке салықтың ставкасы екі есеге 1 пайыздан 0,5 пайызға төмендетілді.

Патент бойынша арнаулы салықтық режимнің шарты да кеңейтілді, яғни жылдық табыс көлемі 2 млн. теңгеден ҚР «Республикалық бюджет туралы» заңымен салық жылына бекітілген ең төменгі жалақы көлемінің 200 есесіне дейін көтерілді.

Арнаулы салықтық режимді қолдану салық төлеушінің кәсіпкерлік әрекетін ынталандыра отырып, салық салу базасының кеңеюіне ықпалын тигізеді. Сөзімізде нақтылай түсу үшін Батыс Қазақстан облысы бойынша шағын бизнес субъектілерінен бюджетке түсім жағдайын көрсететін 1-кестені пайдаланамыз, кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, шағын бизнес субъектілерінен түсім жылдан жылға өскен, яғни 2008 жылы 44427,7 мың теңге, 2009 жылы 54862,9 мың теңге, 2010 жылы 59288,5 мың теңгеге жеткен.

1-Кесте – БҚО салық департаменті бойынша шағын бизнес субъектілерінің бюджетке түсімдер көлемі мен құрылымы

Шағын бизнес субъектілерінің түрлері	2008 ж		2009 ж		2010 ж	
	Сомасы мың. тг	Үлесі %	Сомасы мың. тг	Үлесі %	Сомасы мың. тг	Үлесі %
Жеке кәсіпкер	5567,1	12,5	11282,0	20,6	14000,6	23,6
Занды тұлға	10007,7	22,5	11706,0	21,3	11415,0	19,3
Шаруа қожалығы	3426,1	7,7	4446,3	8,1	5426,8	9,1
Ауылшаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлға	25426,8	57,3	27428,6	50	28446,1	48
Барлығы:	44427,7	100	54862,9	100	59288,5	100
Ескерту кесте авторлармен БҚО салық департаменті мәліметтері негізінде құрастырылды						

БҚО бойынша салық департаментінің шағын бизнес субъектілерінің арнаулы салық режимінің түрлерін қолданатын тұлғалардың саны мен одан түскен түсімді 2-кестеден көреміз.

2-Кесте – БҚО бойынша салық департаментінің шағын бизнес субъектілерінің арнаулы салық режимін қолдануы, 2010-жыл

№	Салық режимінің түрі	Барлық тіркелген саны, бірлік	Үлесі, %	Бюджетке түсім, мың.тг	Үлесі %
1	Патент	5282	33,9	7591,3	11,7
2	Оңайлатылған декларация	6222	39,9	33476,2	51,6
3	Бірыңғай жер салығы	3401	21,8	9917,2	15,3
4	Жалпы белгіленген тәртіп	686	4,4	13785	21,4
5	Барлығы	15591	100	64769,7	100
Ескерту кесте авторлармен БҚО салық департаменті мәліметтері негізінде құрастырылған					

Корпорациялық табысқа салық бойынша кәсіпкерлікті салықтық реттеу құралы ретінде мыналарды қарастыруға болады:

1. Салық салынатын табысты анықтаған уақытта төмендегідей табыстар жылдық жиынтық табыстан түзетуге жатқызылады:

- ☒ мемлекеттік бағалы қағаздардан алынған сыйақы түріндегі табыстар;
- ☒ бұған дейін ҚР-да төлем көзінен салық салынған табыстар;
- ☒ эмиссиондық табыс;

2. Кәсіпкерді салық төлеуге ынталандыру үшін заңды тұлғаның кәсіпкерлік әрекетін реттеу мақсатында салық салынатын табысынан қосымша шегерімдер жасалады:

- ☒ әлеуметтік көмек көрсетуі бойынша шығындар;
- ☒ коммерциялық емес ұйымдарға көмек көрсету бойынша шығындар;
- ☒ мүгедектерді әлеуметтік қорғау бойынша шығындар.

3. Корпорациялық табысқа салық бойынша аванстық төлемді салық салынатын табысы 325000 айлық есеп көрсеткішінен аспайтын тұлғалар жүргізбейді.

Қосылған құнға салық бойынша кәсіпкерлікті реттеу бойынша құрал ретінде салық салынбайтын минимум деңгейінің болуын жатқызуға болады, яғни кәсіпкердің соңғы он екі айлық мерзімдегі сату бойынша айналымы 30000 айлық есеп көрсеткішінен аспайтын болса, ҚҚС бойынша салық төлеуші ретінде тіркеуге тұрмайды және тауарды сатқан уақытта ҚҚС сомасын қоспайды.

Осы салық бойынша экспортпен айналысатын кәсіпкердің әрекетін салықтық реттеуге нольдік ставканы жатқызуға болады. Нольдік ставканың мазмұны салықтан босатылу және экспорт құжаттармен расталатын болса, экспорт бойынша айналым жалпы сату бойынша айналымның жетпіс пайыздан кем емес бөлігін құраса, экспорттық тауарды өндіру үшін сатылып алынған шикізат құнында бюджетке төленген ҚҚС сомасы бюджеттен қайтарылады. Бұл кәсіпкерді экспортпен айналысуға ынталандыратыны сөзсіз.

ҚР салық саясатын бұдан әрі реформалау экономиканы модернизациялаудың құралы болуы қажет. 2009 жылдың 1 қаңтарынан күшіне еніп, қазіргі күні әрекет етіп отырған Салық кодексіндегі негізгі салықтардың ставкасының төмендетілуі экономиканы диверсификациялауға мүмкіндік беру мақсатында енгізілген болатын. Яғни қосылған құнға салықтың ставкасы 14-тен 12 пайызға төмендетілсе, әлеуметтік салық ставкасы 2008 жылдан бастап шамамен 30 пайызға дейін төмендетілді, бұл еңбек ақыны көлеңкелі айналымнан алып шығуға мүмкіндік берді.

2007 жылдан бастап жеке табысқа салық ставкасы он пайыздық деңгейдегі пропорционалдық ставкаға ауыстырылды, және салықты есептеу кезінде шегерімге айлық есеп көрсеткішінің орнына ең төменгі жалақы көлемі жатқызылатын болды. Бұл кәсіпкер табысын және олардың жұмысшылармен есептесуін заңдастыруға мүмкіндік берді.

Практикада екінші салық кодексі атауын алған бұл кодекс тікелей әрекет ету заңы ұстамына сүйеніп, халықаралық практика нормалары енгізілген. Мысалы, жылжымайтын мүлікті бағалау методикасы мен есептеу тәртібі өзгертілді. Корпорациялық табысқа салық ставкасы 20 пайызға төмендетілді, бұл негізгі құралды модернизациялау мен сатып алуға қосымша қаражат көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді және кәсіпкердің инвестициялық мүмкіншіліктерін кеңейтуге жағдай жасайды [3].

Осы аталған фактілер кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін, қолайлы салық климатын бекітуге мүмкіндік беретін саналы саясатына көшуді сипаттайды.

Салық Кодексі еліміздің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және экономиканы модернизациялауға мүмкіндік беретін салық жүйесін қалыптастыруды қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Идрисова, Э. Налоговое регулирование предпринимательской деятельности [текст] // Э. Идрисова – Алматы : Кайнар. – 2000 г

2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан азаматтарының хал ахуалын көтеру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» [Электрондық ресурс] [2008 жылдың 1 ақпаны]. – Кіру рәсімі: [http:// fad.kz](http://fad.kz), еркін. – Экрандағы атауы.

3. Қазақстан Республикасы. Кодекстер. Салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) : кодекс [2010 жылдың 1-қаңтарына өзгерістер мен толықтырулар есепке алынып].